<p>тц - экскаватордың жұмыс циклінің ұзақтығы, с; тц – 32</p>	<p>Шанақ сыйымдылығы,м³ 44</p>
<p>п - бір сағаттағы жұмыс циклдер саны (п = 3600/тц); п – 112.5</p>	<p>Автомашина массасы,т 85</p>
<p>кэ - экскавациялау коэффициенті (кэ = кт /кқ); Кэ – 0.607</p>	<p>База,мм 5300</p>
<p>кт , кқ - шөмішті толтыру және шөміштегі таужыныстарының қопсу сәйкес коэффициенттері; кт – 0.85 кқ – 1.4</p>	<p>Габариттері Ұзындығы11000 Ені6100 Биіктігі5000</p>
<p>Т - ауысымның ұзақтығы, сағат; Т - 12</p>	<p>Ең аз айналу радиусы,м 12</p>
<p>Кп - ауысым мерзімінде экскаваторды пайдалану коэффициенті $K_p = T/t_y$ Үйіндіде жұмыс жасағанда $K_p = 0,8-0,85$; Автомобиль және конвейер көлігімен- $K_p = 0,75-0,80$; Темір жол көлігімен- $K_p = 0,5-0,6$ п - тәуліктегі жұмыс ауысымдар саны; п - 2</p>	<p>Ең жоғарғы жүру жылдамдығы, км/сағат 50-52</p> <p>Двигатель қуаты,кВт 955</p>
<p>Экскаватордың массасы,т</p>	<p>Шина мөлшері,дюйм</p>

653 Тұру деңгейіндегі көсіп алу радиусы,м 14,8	33-51
---	-------

Ең бірінші экскаватордың өнімділігін анықтап алдым.

$$n = 3600/tц \quad (2.43)$$

$$n = 3600/32 = 112.5$$

$$кэ = кт /кқ \quad (2.44)$$

$$кэ = 0.85/1.4 = 0.607$$

теориялық (м³ /сағат)

$$Q_{tt} = E n; \quad (2.45)$$

$$Q_{tt} = 16 * 112.5 = 1800$$

техникалық (м³ /сағат)

$$Q_t = Q_{tt} Kэ \quad (2.46)$$

$$Q_t = 1800 * 0.607 = 1092.6$$

ауысымдық (м³ /ауысым)

$$Q_{ay} = Q_t * T * кп ; \quad (2.47)$$

$$Q_{ay} = 9833.4 = 0.75 * 12 * 1092.6 =$$

жылдық (м³ /жыл)

$$Q_{ж} = Q_{ay} n N, \quad (2.48)$$

$$Q_{ж} = 9833.4 * 2 * 300 = 5900040$$

Автокөлік қолданған кездегі экскаватордың тілмесінің ені мына формуламен анықталады:

$$Aэ = 1.5 * R_{к.р} = 1.5 * 22,5 = 33,8 \text{ м}$$

(2.49)

R_k – Экскаватордың көсіп алу радиусы

Жартас жыныстары үшін кемердің рұқсат етілген биіктігі (B_p , м) анықталады

$$B_p = 1.5 * H_{max} = 1.5 * 15,6 = 23,4 \text{ м}$$

(2.50)

H_{max} – максималды көсіп алу биіктігі

Тілменің енін анықтау

$$A_k = (1.5 - 1.7) R_{kd} = 22,2 * 1,5 = 33,3 \text{ м}$$

(2.51)

Шөміш санын анықтау

$$n_{ш} = C_{ш}/E = 44/16 = 2,75$$

(2.52)


2.5 Тасымалдау жұмыстары

Карьерлік көліктер тау-кен жыныстары қоспаларын (аршыма тау-жыныстары және пайдалы қазындылар) кенжардан төгілетін жерге дейін тасымалдауға арналған. Ол технологиялық процесте жалғастырып тұратын бөлім болып есептеледі. Карьер көлігінің ырғақты жұмыс жасауы кен орнын тиімді игеруге мүмкіншілік жасайды. Тасымалдау процесіне жұмсалатын небекшығыны жоғары. Тасымалдауға және осымен байланысты қосалқы жұмыстарға жұмсалатын қаражат пайдалы қазындыны қазуға шығатын жалпы шығынның 45-50%-ын, кейбір жағдайда 65-70%-ын құрайды. Жүк айналымы дегеніміз белгілі бір уақыт аралығында (сағат, ауысым, тәулік, жыл) тасымалданатын пайдалы жүктердің көлемі (т немесе м³). Жүк тасқыны деп карьер контурымен салыстырғандағы бағытымен, тасымалданатын жүктің көлемімен, сапасымен және жұмыс жасауының ұзақтығымен сипатталатын жүкті тасымалдауды атайды.

Таужыныстарын автомобиль көлігімен тасымалдау

Автомобиль көлігі күрделі топографиялық, геологиялық және қолайсыз ауа райы жағдайында тиімді жұмыс жасауына байланысты карьерлерде кең қолданыс табады. Оның жұмыс жасау принципі тау-кен жыныстары қоспасын кенжарлардан қабылдау пунктіне дейін тасымалдап төгу болады. Карьердегі

автомобиль жолдары тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Тұрақты жолдар жер бетінде, ор жолдарда және үйінділерде болады. Карьерде автомобильді тиімді пайдалану оның кенжарға келу сұлбасына және оны экскаватордың жанына қою әдісіне байланысты болады




2.5 - сурет. Автосамосвалдардың экскаваторға келу сұлбалары

3 Арнайы бөлім. Хромтау кен орнындағы бульдозерлық үйінділерді рекультивациялау

3.1 Ашық тау-кен жұмыстарының қоршаған ортаға әсері

Бүгінгі күнде өндірілетін минералдардың 70%-дан астамы ашық тау-кен жұмыстарымен қазып алынады. Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды ашық әдіспен игерген кезде халық шаруашылығына пайдаланатын жерлерді алуға тура келеді. Яғни сол жерлер тау-кен жұмыстарын жүргізуге қажетті өнеркәсіптік, карьерлер және үйінді алаңдары, технологиялық жолдар және қалдық қоймалары үшін қолданылады. Нәтижесінде геологиялық орта мен халық шаруашылығының бұзылуына және табиғи ландшафтың тікелей өзгеруіне әсері тиеді. Кенорындарын ашық әдіспен игерудің жылдан - жылға өсуіне байланысты қоршаған табиғи орта шаң-тозаңдармен, газдармен және зиянды химиялық заттармен ластанады да, экологиялық тепе-теңдік өзгереді. Пайдалы қазбаны ашық әдіспен игеру кезіндегі күрделі мәселелерге жердің тау-кен жұмыстарымен бұзылуы, топырақтың антропогендік ластануы және игерілетін аудандардағы жерүсті және жерасты суының ластануы жатады. Бұдан бөлек, гидрогеологиялық режимнің бұзылуы, ауаның шаң және газбен ластануы, санитарлық-гигиеналық жағдайдың төмендеуі байқалады. Бұған дәлел карьердің қоршаған ортамен қарым-қатынасына көз салғанда биосфераның барлық элементтерінің, жер қойнауының және жер ресурстарының жағымсыз әсерге ұшырайтынын көреміз (1.4 – сурет). Сонымен қатар байыту фабрикаларындағы қалдықтар мен аршыма таужыныстарының үйінділері де қоршаған ортаға қолайсыз жағдай тудыруда. Сол себепті кенорындарын ашық әдіспен игеру кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бұзылған жерлерді дер кезінде қалпына келтіру, атмосфераға, литосфераға және гидросфераға тигізетін

кері әсерді азайту, жер қойнауын тиімді пайдалану өзекті мәселе қатарына жатады.




3.1 - сурет. Карьердің қоршаған ортамен қарым-қатынас сұлбасы

3.2 Бульдозерлік үйінділеудің технологиясы

Қазіргі кезде автомобиль көлігін қолданып үйінділеуде қуатты бульдозерлер қолданылады. Бульдозерлік үйінділеуде үйінді қабатының биіктігі 20-40 м-ге дейін болады. Үйіндіде жұмысты ұйымдастыруда осы әдістердің бірі қолданылады:

- 1) таужыныстарын төгу және үйінді жиегін тегістеу;
- 2) таужыныстарын төгу және үйінді жиегін тегістеу;

Іс жүзінде жұмысты ұйымдастыруда көбінесе екінші түрі қолданылады, себебі үйіндіні төгу және тегістеу учаскелеріне бөлу машиналардың жұмыс жасауына қолайлы жағдайлар туғызады. Бульдозерлік үйінділеудің күрделі және пайдалануға тұрарлық қаржыларды аз мөлшерде қажет етуі, жұмыстың қарапайым ұйымдастырылуы, үйіндінің қысқа уақытта салынуы, үйінді жұмысшыларының еңбек өнімділігінің жоғарылығы сияқты артықшылықтары бар. Таужыныстарын беткейге қарай жылжыту бульдозерлік үйінділеудің шеттік әдісінде болады (а-сұлбасы). Таужыныстарын үйінді алаңында төгіп, оны тегістеу үйінділеудің алаңдық әдісіне болады (ә-сұлбасы).



3.2 - сурет. Бульдозерлік үйінділеу сұлбасы

Негізінен үйінді жұмыстарында бұрылмайтын және бұрылатын ысырма қайырмасы бар бульдозерлер қолданылады. Бульдозердің түрін таңдағанда үйінді учаскесіндегі автосамосвалдардың саны мен жүк көтеру қабілетіне қарау қажет. Сонымен бірге, таужыныстарды тасымалдау қашықтығына байланысты бульдозердің өнімділігінің өзгеретінін де есепке алу керек. Мен бұл жұмыста үйінділеу жұмысына Д-385А бульдозерін қабылдап, оның өнімділігін есептедім.

4 – кесте. Д-385А бульдозерінің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіші	Белгілері
Ұзындығы, мм	5000
Биіктігі, мм	1550
Барынша көп көтерілуі, мм	1000
Барынша көп түсірілуі, мм	350
Базалық трактор	ДЭТ-250
Бульдозер массасы, т	4,5

Бульдозердің өнімділігі

$$P_c = 3600 * V_{\phi} * K_k * K_e / T = 3600 * 15,015 * 1 * 1 / 200 = 270,3 \text{ м}^3 / \text{сағ} \quad (2.53)$$

Жыныстың қопсу коэффициенті $K_k = 1$

Машинаны пайдалану коэффициенті $K_{\Pi} = 0,8$

Еңістікті ескеретін коэффициент $K_e = 1$

Үйіндідегі босжыныстың көлемі

$$V_{\phi} = L * H^2 / 2 * K_{kc} * K_{\Pi} = 5 * 1,55^2 / 2 * 0,5 * 0,8 = 15015 \text{ м}^3 \quad (2.54)$$

Таужыныстың сипаттамасына байланысты коэффициент $K_{kc} = 0,5$

Үйінді ұзындығы $L_{\gamma} = 50 \text{ м}$

Үйінді қабатының биіктігі $H_{\gamma} = 10 \text{ м}$

Бульдозер циклының ұзақтығы

$$T_{\Pi} = t_k + t_{жж} + t_{бж} + 2 * t_{\phi} + m * t_{ж} + t_T = 11 + 30 + 20 + 2 * 15 + 5 * 5 + 4 = 200 \text{ с} \quad (2.55)$$

t_k – таужынысты кесу уақыты с

$t_{жж}$ – жүкпен жүру с

$t_{бж}$ – Бос жүріспен жүргендегі уақыты с

t_{ϕ} – айналма уақыты с

$t_{ж}$ – жылдамдықты ауыстыру с

t_T – қалағын түсіру уақыты с


m - бір цикл ішінде трактор жылдамдығын ауыстыру саны

Ауысымдық өнімділігі

$$P_{\phi} = 8 * P_c = 8 * 270,3 \text{ м}^3 / \text{сағ} = 2162,4 \text{ м}^3 / \text{ау} \quad (2.56)$$

3.3 Рекультивацияның негізгі ұғымдары және кезеңдері

Жерді рекультивациялау дегеніміз бұзылған жердің өнімділігі мен халық шаруашылықтық құндылығын қалпына келтіруге, сондай - ақ қоршаған орта жағдайларын жақсартуға бағытталған жұмыстар. Қабылданған заңдар мен жарық көрген ғылыми еңбектерге сәйкес жерді рекультивациялаудың екі - техникалық және биологиялық кезеңін ажыратады. Техникалық рекультивациялау кезеңі жерді алдағы уақытта халық шаруашылығында өз мақсатында пайдалануға әзірлеуді көздейді. Оған жерді тегістеу, үйінді беткейін еңістету, топырақтың құнарлы қабатын жинап алып, рекультивацияланатын жерге тасымалдап төгу, жол, гидротехникалық және мелиорация құрылыстарын салу және т.с.с. жұмыстар жатады. Биологиялық рекультивациялау кезеңі техникалық рекультивациялаудан кейін жүзеге асырылатын топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру шараларын қамтиды. Оған флора мен фаунаны қалпына келтіруге бағытталған агротехникалық және фитомелиорация шаралары жатады. Бұзылған жерлерді рекультивациялау нәтижесінде әдетте қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіру міндеті қойылмайды, бұл міндетті дәл осылай жүзеге асыру мүмкін емес, мұнда экологиялық және әлеуметтік тұрғыдағы міндеттер шешіледі.



Тау- кен техникалық рекультивация кезеңіне алдын ала дайындауға тегістеу жұмыстары, құнарлы топырақ қабатын сыдыру, тасымалдау және төсеу т.б. шұңқырларды тегістеу, карьерлерде су қоймаларын жасау; террикондар, үйінділерді бөлшектеу, бос жер асты қуыстарын тегістеу жатады

Биологиялық – дайындалған учаскелерде тұтас өсімдік жамылғысын

калыптастыру:

- а) ландшафт жасау, грунттарды бекіту, өсімдік, жануар мекендеуіне қолайлы жағдай жасау, демалыс аймағын жобалау, шабындық жайылым алқаптарын қайта жасақтап өнімділікті қалпына келтіру;
 - б) рекультивацияның басым бағытын анықтау: су шаруашылықтық, рекреациялық, құрылыстық т.б.;
 - в) құрылыс – ғимараттар мен басқа да құрылыс объектілерін тұрғызу.
- Жерді рекультивациялау әдетте 3 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Бұзылған жерді зерттеу, рекультивация бағытын анықтау, технико-экономикалық негіздеу және рекультивация жобасын құру жұмыстары осы кезеңде жасалады.

Екінші кезең – техникалық рекультивация, жергілікті жағдайларға қарай бұл кезеңде қосымша аралық саты – химиялық мелиорация болуы мүмкін. Техникалық рекультивацияны әдетте кен орындарын өндіретін кәсіпорындар жүргізеді. Карьердегі жұмыстардан бұзылған жерлерді рекультивациялау қажеттілігі өңдеу технологиясы мен экономикалық көрсеткіштерге үлкен ықпал етеді, соның ішінде өңдеу тәсілі, үйінділерді құру, аршу және үйінділеу жұмыстарын механизациялау құралдары мен тау жыныстарын үйінділерге жеткізетін көліктерді таңдау. Техникалық рекультивациялау карьерді қолдану кезінде атқарылуы қажет.

Техникалық рекультивациялау кезеңі бірнеше сатыдан тұрады және жергілікті рельефтің қалыптасуы жұмыстары осы кезеңде атқарылады.

Бірінші саты – сұрыптап қазу және құнарлы топырақ пен ұйтталмаған тау жыныстарын рекультивация кезінде қолдану үшін жинақтау. Екінші саты – үйінділер бетін жобалау және құрылуы. Үйінділерді карьердің өндірілген жерлерінде, жыралар мен сайдарда құру керек. Үшінші саты – биологиялық мелиорация кезінде қолданылатын потенциалды құнарлы топырақ қабатын құру.

Бұзылған жерлерді қалпына келітудің үшінші кезеңі – биологиялық рекультивация, бұл кезең жұмыстары тау-кен технологиялық кезең біткен соң атқарылады. Биологиялық рекультивация кезінде топырақ қабаты қалпына келтіріледі. Бұл кезең жұмыстарын жерді қолданушылар рекультивацияланатын жердің келешекте қолданылу бағытын ескере отырып және агро техникалық талаптарға сай жүргізеді. Биологиялық рекультивация кезінде топырақтың құрылуы, топырақ құрылымын жақсарту, көңнің және құнарлы заттардың жиналуы, сонымен қатар топырақты келешекте отырғызылатын ауыл шаруашылық дақылдарына сай қалпына келтірілуі қамтамасыз етіледі.

Рекультивацияның тау-кен техникалық кезеңі біткен соң биологиялық рекультивациялау басталады. Биологиялық рекультивация кезінде көпжылдық шөптер, бұталы өсімдіктер және ағаштар отырғызылып, оларды күту шаралары жүргізіледі.

Терассаның ұзындығы 100 - м

Терассаның ені 5 – м

Карьердің ұзындығы 1500 – м

Карьердің ені 683 – м

Карьер түбі мен терасса ауданынын анықтау

$$S_T = 820 \text{ м}$$

$$S = 24600 \text{ м}$$

(2.57)

Отырғызылатын ағаш саны

$$N = 820 \text{ м} / 5 * 5 = 33$$

$$N_g = 24600 / 683 = 36$$

$$N_{\text{тут}} = 33 + 36 = 69$$

(2.58)

Екі жұмысшы бір шұңқырды 30 мин қазады, жұмысшы 30 минут 4 шұңқыр қазады.


8 жұмысшы 640 - минут



3.3 – сурет. Рекультивацияға дейін . Рекультивациядан кейін.

3.4 Карьердің қазылған кеңістігін толтырып көміп тастау технологиясы

Минералды шикізаттарды ашық әдіспен өндіру кезінде бұзылатын жер көлемін мүмкіндігінше азайтудың бір жолы карьердің қазылған кеңістігін аршыма таужыныстарымен толтыру болып табылады. Үйінділеу жұмыстарын барынша жеңілдету және таужыныстарын тасымалдауға аз шығын жұмсау үшін карьерді таужыныстарымен толтыруды жер бетінен қазылған тереңдікке дейін жүргізген қолайлы. Алайда осындай технологиялық сұлбаның қолданылу мүмкіндігі толтырылатын карьердің тереңдігі мен үйінділетін таужыныстарының физикалық механикалық қасиеттеріне байланысты болады. Егерде үйіндінің орнықты қабатының биіктігі карьердің тереңдігіне тең болса, онда карьер бір кемерден толтырылады. Карьердің тереңдігі қабаттың орнықты биіктігінен көп болған жағдайда, ішкі үйіндіні қалыптастыру орнықтылық тұрғысынан барынша биік кемерлермен жасалынады. Тереңірек, үйінді кемерлері жылдамырақ жылжитын және жоғарғы алаңында ауыр тау кен көлік жабдықтары орналасқан жұмыс істеп тұрған карьердің қазылған кеңістігін толтырған кезде, жұмыс қауіпсіздігі сақталуы үшін және орнықтылық коэффициентінің шамасын көбейту мақсатында ішкі үйіндінің төменгі етек жағынан таужыныстарының жылжуына кедергі болатын тіреуіштер жасау керек. Бұл жағдай ішкі үйіндінің төменгі жиегінің карьердің қарамақарсы кемеріне тірелуімен немесе арнайы қатты тау жыныстарынан төгілген призмамен қамтамасыз етіледі. Ішкі үйіндінің та банындағы тіреуіш призмалар автокөліктермен та сымалданылған қатты тау жыныстарынан бульдозермен жасалынады. Олардың ені үйінді тілмесінің еніне сәйкес болуы керек. Кейбір жағдайда осы призмалар бір біріне жақын үш қатар одан да көп автокөліктен төгілген таужыныстарының конустарынан да құрылады. Ашық кеніштің қазылған кеңістігін қалпына келтірудің ең жалпы шешімі оны таужыныстарымен толтырып көміп тастау болып табылады. Карьерді жер бетіне дейін таужыныстарымен толтырғанда оны ауыл шаруашылығында пайдалану мүмкіншілігі туады. Ол үшін оның бетіне құнарлы топырақ төгілуі тиіс. Терең карьерді толтырып көміп тастау технологиясы таужыныстарын төменнен жоғары қарай үйінділеп, барлық үйінді қабаттарын бір мезгілде қалыптастыруды қамтиды. Үйінді қабаттарының үйілу бағыты карьер кемерінің қарамақарсы жақтарынан карьер алаңының ортасына қарай дамиды, бұл кезде әрбір келесі қабаттың биіктігі бұрынғы қабаттың биіктігінен артығырақ болып отырады.




3.4 – сурет. Карьерді толтырып көмудің жүйелілігі

Карьердің қазылған кеңістігін толтырып көму ең негізгі шара болып табылады, өйткені ол кен орнын ашық әдіспен игергенде жер қорларын тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызып қана қоймай, сонымен қатар пайдалы қазындыны игеруге кететін шығындарды азайтады. Терең карьерлердің қазылған кеңістігінде таужыныстарын жайғастыру жүк тасымалдау қашықтығын азайтады және сыртқы үйінділермен жер бұзылуын болдыртпайды. Осыған орай бір біріне жақын орналасқан кеншоғырларын игерудің ретін шешу қажет, өйткені оларды бір мезгілде игеру экономикалық жағынан тиімсіз. Мұнда игерілген карьердің кеңістігін келесі карьердің аршыма таужыныстарын үю үшін пайдалану мүмкіндігі туады.


3.5 Үйінді бетін тегістеу және беткейлерін еңістеу сұлбалары

Үйінділеу жұмыстары аяқталғаннан кейін құнарлы топырақты төгердің алдында, үйінді беті тегістеледі және үйінді беткейлері кесіліп еңістетіледі. Осы жағдайда рекультивацияланатын үйінді беттері мен беткейлерінде ауыл және орман шаруашылық техникаларының жұмыс істеу мүмкіншілігі пайда болады, сонымен қатар үйіндінің ұзақ мерзімде тұрақтылығы сақталып су эрозиясы әсер етпейтін жағдай туады. Үйінді бетінің бедеріне және де оның келешекте қай бағытта рекультивациялануына байланысты тегістеудің мынадай әдістері қолданылады: тұтас, ішінара және террасалап тегістеу



3.5-сурет. Үйінді бетін тұтас, ішінара және террасалап тегістеу сұлбалары

Үйінді беткейін кесіп еңістету екі әдіспен орындалуы мүмкін: жоғарыдан төмен қарай кесіп еңістеткенде таужыныстары беткейдің жоғарғы жиегінен төменгі жиегіне бульдозермен немесе экскаватормен жылжытылады.




3.5.1 - сурет. Үйінді беткейін электробульдозермен және бульдозермен кесіп еңістету

Бұл кезде үйіндіге арналған жер ауданы көбейеді. Егерде беткейді жоғарыдан төмен қарай кесіп еңістету мүмкіншілігі болмаса, онда еңістету төменнен жоғары қарай жүргізіледі.

Тұтас тегістеу кезінде үйінді беті толық тегістеледі. Дала дақылдарын өсіру үшін тұтас тегістеуде үйінді бетінің еңістігі 10 -нан аспайды (кейбір жағдайда 2-30), ал ағаш егу үшін 3-50 - шамасында болуы керек. Ішінара тегістеу кезінде үйінді бетіндегі қырқалар кесіліп, ені 8-10 м алаңдар жасалынады, сонда ағашты механикалындырылған әдіспен отырғызуға мүмкіншілік туады. Террасалап тегістеу кезінде әртүрлі абсолют биіктіктегі тегістелген алаңдар жасалынады. Мұнда көлденең еңістік жоғары биіктікте орналасқан террасаға қарай 1-20 болуы тиіс. Үйінді бетін тегістеу мен беткейін кесіп еңістету жұмыстарын үйінді үю барысында жасау тиімді.

Үйінді беткейін халық шаруашылығында пайдалану үшін, оның тұрақтылығын және жел мен су эрозиясына шыдамдылығын арттыру мақсатында оны кесіп еңістетеді және террасалайды. Биологиялық рекультивация кезінде көпжылдық шөптер, бұталы өсімдіктер және ағаштар отырғызылып, оларды күту шаралары жүргізіледі. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, субстраттардың қасиеттерін жақсарту мүмкіндігі ұзақ мерзімді зерттеулер нәтижесінде дәлелденген болатын.



3.5.2 – сурет. Үйінді ернеуін кесіп еңістету технологиялық сұлбасы

Үйінділердің жергілікті орналасу ерекшеліктеріне байланысты өсімдіктердің өсуі үшін қажет қоректі заттармен олардың бетін құнарландырудың келесі тәсілдері бар.

1. «Жерлендіру» тәсілі – үйінділер бетіне топырақ, шымтезек немесе потенциалды құнарлы топырақ себу, олардың қалыңдығы 2-4 см-ден (алтын үйінділерінде) 20 - 50 см-ге дейін (жыныстар үйінділерінде) жетуі мүмкін.


2. Үйіндіні құрайтын субстраттағы қоректі заттардың мөлшерін ескере отырып, толыққанды минералды тыңайтқыш (NPK) енгізу, және ол екі кезеңнен тұрады: күзде фосфорлық және калийлік тыңайтқыштардың 60-90 кг 1 гектар жерге себіледі; көктемде азоттық тыңайтқыштар 90-120 кг/га себіледі. Әр жыл сайын егіндіктерді тыңайту арқылы үйінділер бетінде өсімдіктердің жақсы өсуін қамтамасыз етуге болады.

3. Вегетативті кезең кезінде үйінділер бетін ағынды сулармен суару, әсіресе күл үйінділерін. Суаруды еккенге дейін және кейін жасау керек, еккеннен кейін 10 - шы күннен бастап, бүкіл вегетативті кезең бойы, бір суарғанда 200-500 м³/га мөлшерін ұстанып, өсімдіктердің даму фазаларымен сәйкестендіру қажет. Қолданылатын ағынды су құрамы зиянды заттар бойынша санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сай болуы тиіс.

Орман шаруашылығында қолданылатын жерлерді рекультивациялау тәсілін таңдаған кезде ауылшаруашылығында қолданылатын жерлерді рекультивациялау принциптері ұсталынады. Жерлер ауылшаруашылығында немесе өзге де шаруашылықта қолданылуы мүмкін болмаса, онда орман шаруашылығында қолданылатын етіп рекультивациялау шешімі көптеген себептерге байланысты қабылданады. Олардың ішінде топырақ сапасының төмен болуы, тұрғын аймақтарынан жерлердің алыс болуы, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіруге қолайсыз микроклимат және т.б. бар.

3.6 Бульдозерлік үйінділерді сұрыптап қалыптастыру технологиясы

Бульдозерлік үйіндіні сұрыптап қалыптастырғанда аршыма және үйінділеу жұмыстары технологиясының күрделенуіне қарамастан бұзылған жерлерді дер кезінде қалпына келтіруге қолайлы жағдайлар туады және де рекультивацияға жұмсалатын шығындар азаяды. Таужыныстарын үйінділеу кезінде үйінді беткейінде террасса қалдырып отыру, оны рекультивациялау тұрғысынан қарағанда тиімді жолдардың бірі болып есептеледі. Үйінділеуде террасса құру бір мезгілде үйінді беткейін кесіп еңістетуге де мүмкіншілік береді. Үйінділердің саны мен пішіндері кеннің тау-кен-технологиялық жағдайларына, шығарылатын таужыныстарының көлеміне және карьер алабына жақын жатқан жерлердің сипатына байланысты болады. Жерді тиімді пайдалану тұрғысынан үйінділердің ең тиімді пішіндеріне дөңгелек, квадрат және төртбұрыш тәрізді түрлері жатады. Сұлбада үйінділеу барысында үйінді беткейінде террассалар қалдырылып, олардың беттерін потенциалды құнарлы топырақтармен жабу көрсетілген. Сонымен қатар, мұнда үйінді қабаттарына шығатын жолдардың үйінді беткейіне тығыз жанаса орналастырылуы ұсынылған. Осы сұлбаны үйіндінің барлық қабаттарын бір қалыпты дамытып, шет жақтарын аз ғана оза үю әдісімен қоса қолданған тиімді. Осының барлығы үйіндідегі рекультивациялық жұмыстардың басталуы мен уақтылы бітуінің тездетілуіне мүмкіндік туғызады.



3.6 – сурет. Пішіні дөңгелек үйіндіні сұрыптап қалыптастыру сұлбасы

Ұсынылып отырған сұлбаның іс жүзінде кездесіп жүрген сұлбалармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар: кен орнынан алғашқы жылдары көп мөлшерде шығатын потенциалды құнарлылау таужыныстары тиімді пайдаланылады; үйінді қабаттарының беткейлеріне рекультивацияға жарамды таужыныстары төгіледі, соның арқасында тамырлары дамыған өсімдіктер өсуіне мүмкіншілік туады; үйінді беткейін кесіп еңісету қажеттігі болмайды, соның нәтижесінде үйіндіге бөлінетін жер ауданы азаяды; үйінді беткейіндегі террассаларды потенциалды құнарлы таужыныстармен қалыптастыру құнарлы топырақты уақтылы төгуге мүмкіндік туғызады. Қаралып отырған үйінділерді сұрыптап қалыптастыру технологиясын барлық пішінді үйінділер үшін де қолдануға болады. Ол үшін үйіндінің бұрыш жақтарында таужыныстарын төгу технологиясына аз ғана өзгерістер енгізу керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жұмыста ДКБК АҚ «Казхром» кен орнында бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру мәселелері қарастырылды. Негізінен пайдалы қазбаны ашық әдіспен игерудің негізгі мақсаты: карьерді жоспарлау, кеннің геологиялық жағдайына байланысты қазу әдісін таңдау, кенорнынды дайындау, дайындық қазбаларын жүргізу, өнімділікті арттыру, жұмыс шебінің жылжу жылдамдығы, карьердің тереңдеу жылдамдығы және тағы басқа. Менің дипломдық жұмысымда бұл мәселелердің барлығы қарастырылды. Және де бұл жұмыста ашық тау-кен жұмыстарының қоршаған ортаға әсер етуі мен жерді бұзудың негізгі объектілеріне (карьерлер, үйінділер алаңы), пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіру кезінде оларды қайта құнарландыру тәсілдері мен бағыттарына ерекше назар аударылды. Қазіргі кезде республика аумағында бұзылған жерлердің көлемі жылдан – жылға өсіп келеді. Бүгінгі күндері олардың көлемі 180 мың гектардан асады, оның ішінде 70 мың гектары толық игеріліп біткен кен орындарының үлесіне тиеді, сондықтан, оларды қалпына келтіру керек. Бұзылған жер көлемінің барған сайын артып отыруы, оның еліміздегі кейбір халық жиі қоныстанған аудандарға шоғырлануы жерді рекультивациялаудың халық шаруашылығындағы және табиғат қорғаудағы, әсіресе, пайдалы қазындыларды ашық әдіспен өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудегі маңызын күшейте түседі. Жоғарыда айтылған жайлардың бәрі бұзылған жерлерді рекультивациялау міндетін табиғатты қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы аса маңызды мәселелердің қатарына жатқызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бегалинов Ә. Тау кен ісінің негіздері: Оқулық. -Алматы730. 2016. бет.
2. Бегалинов Ә, Жайсаңбаев Н, Зұлқарнаев Е, Қалыбеков Т., Сәндібеков М. Ашық тау – кен жұмыстарының технологиясы. – Алматы296 . 2012, бет.
3. Қалыбеков Т, Бегалинов Ә, Зұлқарнаев Е, Сәндібеков М. Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық әдіспен игеру, Астана200. 2014, бет.
4. Трубецкой К.Н., Потапов М.Г. и др. Справочник открытые горные работы. М.: Горное бюро494 . 2008, с.
5. Кенжебаев Ә. Кенорнын ашық тәсілмен қазу. – Алматы: ҚазҰТУ, 2000. 323 бет.
6. Анистратов Ю.И., Анистратов К.Ю. Технология открытых горных работ: Учебник-М:2008. 472 с.
7. Чулаков П.Ч., Бегалинов А., Калыбеков Т. Интенсификация рекультивации нарушенных открытыми горными работами земель. – Часть 1,2. Алматы: „Гылым”, 1994.
8. Подэрни Р.Ю. Горные машины и комплексы для открытых работ. – М: МГГУ, 2001. 422 с.
9. Правила промышленной безопасности при разработке месторождений полезных ископаемых открытым способом. – Астана: МЧС РК, 2008.
10. Рақышев Б. Карьер алаңдарың ашу және ашық игеру жүйелері. Оқулық. Алматы304. 2013, бет.
11. Битимбаев М, Кабетенов Т. Основы горного дела: Учебник. Алматы2011:.
12. Горно-геологический справочник по разработке месторождений/ Под ред. Бейсебаева А,М, Битимбаева М.Ж, Даукеева С.Ж./ 1 том, -Алматы: Информационно-презентационный центр МСК РК. 1997. 575 с.
13. Жайсаңбай Н. Тау-кен кәсіпорынының ауатанымы. – Алматы: Ғылым, 2000.
14. Калыбеков Т., Сандибек М.Н., Рысбеков К.Б., Жакыпбек Ы., Үсен К., Ахтаева Н.З., Муканова Г.А. Управление рекультивацией нарушенных земель на открытых разработках. Монография. – Алматы: 2020. 284 б.
15. Т. Калыбеков, М.Н. Сандибек, К.Б. Рысбеков, Ы. Жакыпбек, Н.Н. Каирбеков Обоснование рациональных способов рекультивации откосов внешних формируемых отвалов. Сборнике представлены материалы конференции Сатпаевские чтения.– Алматы: КазННТУ, 2020. С. 383-387.
16. Калыбеков Т., Сандибек М.Н., Рысбеков К.Б., Асылханова С. Изучение обоснования рациональных способов рекультивации откосов внешних отвалов. Сборник материалов юбилейной международной научно-практической конференции «современные инновации в области науки, технологий и интеграции знаний», посвященной 60-летию рудненского индустриального института. -г. Рудный. -2019. С. 560-567.
17. Т. Калыбеков, М.Н. Сандибек, К.Б. Рысбеков. Рекультивация земель, 273-нарушенных открытыми горными работами //Вестник КазННТУ, - 2018. С.279.

